



Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 12665 болып тіркелді.

РҚАО-ның

ескертпесі!

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 16-бабы 30) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 16-бабының 30) тармақшасына сәйкес әзірленді және қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексерудің тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай анықтамалар мен ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы өкілеттіктерді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;

2) еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде қызметкерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкерлердің қорғалу жай-күйі;

3) жауапты қызметкерлер – өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдар;

4) қауіпсіздік нормалары – қызметкерлердің еңбек қызметі процесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, санитариялық-гигиеналық, биологиялық және өзге де нормаларды, қағидаларды, рәсімдер мен критерийлерді қамтамасыз ету тұрғысынан өндіріс жағдайларын, өндірістік және еңбек процесін сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштер;

5) оқу орталығы – басшы және жауапты қызметкерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша заңнама шеңберінде теориялық оқытуды жүргізетін ұйым;

6) рұқсат беру наряды – белгілеген нысандағы арнайы бланкіде ресімделген және жұмыс мазмұнын, орнын, оның басталу және аяқталу уақытын, оны қауіпсіз орындау шарттарын, қажетті қауіпсіздік шараларын (оның ішінде

радиациялық, өрт қауіпсіздігі және газдалған жұмыс орындарында), бригада құрамы мен жауапты қызметкерлерді айқындайтын, жұмысты қауіпсіз жүргізуге арналған тапсырма.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 182-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқама беруді және білімдерін тексеруді жұмыс беруші өз қаражаты есебінен жүргізеді.

4. Жұмысқа қабылданған адамдар міндетті тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жұмыс беруші ұйымдастыратын оқытудан өтеді, кейіннен міндетті түрде оның білімін тексеру жүргізіледі. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, оларға нұсқама беруден және білімдерін тексеруден өтпеген қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

5. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жұмысқа қабылданған жауапты қызметкерлер еңбек шартына қол қойған күннен бастап бір айдан кешіктірмей еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімін тексеруден өтеді.

6. Ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерінің тізімін, оқыту жүргізіліп жатқан жұмыстар мен кәсіптер тізбесін, сондай-ақ оқытудың тәртібін, нысанын жұмыс беруші кәсіптің сипатына, жұмыстардың түріне, өндірістің ерекшелігі мен еңбек қауіпсіздігі жағдайына қарай, қызметкерлер өкілдерімен (олар болған кезде) келісе отырып белгілейді.

2. Ұйымдарда қызметкерлерді кәсібі бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында оқыту және білімдерін тексеру тәртібі

7. Қызметкерлерді жұмысшы кәсіптер бойынша оқыту және білімдерін тексеру жылына кемінде 1 рет жүзеге асырылады.

Қызметкерлерді жұмысшы кәсіптер бойынша оқыту еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексерумен (емтиханмен) аяқталады.

8. Өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда кәсіптер бойынша оқытуды (сабақтар, дәрістер, семинарлар) жұмыс беруші тиісті салалардағы жоғары білікті мамандарды, тәжірибелі инженерлік-техникалық қызметкерлерді және ұйымның өзінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерін тарта отырып жүргізеді.

9. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу бағдарламалары осы ұйымның ерекшелігін ескере отырып, теориялық және өндірістік оқытуды көздейді және оны жұмыс беруші бекітеді.

10. Еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне өндірістік оқыту ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға жауапты қызметкерлерінің

басшылығымен оқу сыныптарында, шеберханаларда, учаскелерде, цехтарда жүргізіледі.

11. Еңбек қауіпсіздігінің заңнамада белгіленген арнайы талаптары қойылатын жұмыстармен байланысты жекелеген өндірістерде қызметкерлер қосымша арнайы оқудан өтеді.

12. Жұмыстардың, лауазымның, кәсіптің осы түрі бойынша жұмыста үш немесе одан да көп, ал қауіптілігі аса жоғары жұмыста – бір жылдан артық уақыт үзілісі бар қызметкерлер өздік жұмыс басталғанға дейін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан өтеді.

13. Саны үш адамнан кем болмайтын Емтихан комиссиясы жұмыс берушінің актісімен құрылады.

14. Емтихан комиссиясы төрағадан және комиссия мүшелерінен тұрады. Емтихан комиссиясының құрамына еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқудан және білімдерін тексеруден өткені туралы сертификаты бар болған кезде тиісті комиссиядан білімін тексеруден өткен бөлімшелердің басшылары, ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің мамандары, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлер, кәсіпорынның еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторы кіреді.

15. Емтихан комиссиясының жұмыс істеуі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

16. Емтихан комиссиясының жұмыс тәртібі жұмыс берушінің актісінде белгіленеді.

17. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімі тексерілетін қызметкерлерді оны өткізуден күнтізбелік отыз күн бұрын жұмыс беруші ескертеді.

18. Қызметкерлердің білімдерін тексеру нәтижелері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға төраға және емтихан комиссиясының мүшелері қол қояды.

19. Білімін тексеруден табысты өткен қызметкерге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдер, қағидаларды, нормалар мен нұсқаулықтарды тексеру жөніндегі куәлік беріледі.

20. Қызметкер қанағаттанарлықсыз деген баға алған кезде, білімін қайта тексеру бір айдан кешіктірмей белгіленеді. Қызметкер қайта оқудан өтеді және білімін тексеруге дейін қызметкер өздік жұмысқа жіберілмейді.

3. Ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту және білімдер тексеру тәртібі

21. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге басшы және жауапты қызметкерлер (бұдан әрі – жауапты қызметкерлер), мерзім сайын,

кемінде үш жылда бір рет кадрларды кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан және білімін тексеруден өтеді.

Кадрлардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымның мыналарды:

1) аудио-бейнетехникамен жабдықталған оқу сыныбын (меншікті немесе жалға алынған);

2) тестілеу үшін компьютерлерді;

3) оқытудың әртүрлі тақырыптары бойынша көрнекі құралдарды;

4) оқу-әдістемелік материалдарды (мерзімді басылымдар) қамтитын материалдық-техникалық базасы болуға тиіс.

22. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге басшы және жауапты қызметкерлерге арналған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі оқу бағдарламаларын оқу орталығы бекітеді, олар экономика салаларындағы ұйымның ерекшелігін ескере отырып, теориялық оқытуды көздейді және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органмен келісіледі.

23. Басшы және жауапты қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту (сабақтар, дәрістер, семинарлар) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында тиісті біліктілігі, жұмыс тәжірибесі және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша оқу және білімдерін тексеруден өткені туралы сертификаты бар мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары мамандарын, бейінді оқу орындарының оқытушыларын, заңгерлер мен инженерлік-техникалық қызметкерлерді және ірі өнеркәсіп ұйымдарының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерінің мамандарын тарта отырып жүргізіледі.

24. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша басшы және жауапты қызметкерлердің білімдерін тексеруді оқу орталығы актісімен құрылған, саны үш адамнан кем болмайтын емтихан комиссиясы оқу орталықтарында (сабақтар орнында) жүргізеді.

Емтихан комиссиясының жұмыс істеуі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

25. Емтихан комиссиясы төрағадан – мемлекеттік еңбек инспекторынан және комиссия мүшелерінен тұрады. Емтихан комиссиясының құрамына оқу орталығының басшысы, мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының мамандары (келісім бойынша), сондай-ақ Қағидалардың 22-тармағында аталған мамандардың ішінен тұлғалар кіреді.

26. Басшы және жауапты қызметкерлердің білімдерін тексеру үшін емтихан комиссиясы тестілеу жүргізеді.

Емтихан тестілерін өндірістік ерекшеліктерді, мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын және оқу бағдарламаларын ескере отырып оқу орталығы әзірлейді.

27. Емтихан комиссиясы тестілеу нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексеруден өтті;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдері қайта тексерілуге тиіс.

28. Қызметкерлердің білімдерін тексеру нәтижелері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға төраға және емтихан комиссиясының мүшелері қол қояды.

29. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексеруден өткен басшыға және жауапты қызметкерлерге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш жыл мерзімге жарамды сертификат беріледі.

30. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексеруден өтпеген басшы және жауапты қызметкерлер білімдерін қайта тексергенге дейін өздерінің атқаратын лауазымдарында қалады.

Білімдерін қайта тексеру алғашқы білімдерін тексеру өткен күнінен бастап үш айдан кейін өткізіледі.

31. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін қайта тексеруден өтпеген басшы және жауапты қызметкер осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жұмыстан шеттетіледі.

32. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін қосымша тексеруден басшы және жауапты қызметкерлер мынадай жағдайларда:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде жаңа нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілген, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде;

2) жұмыс берушінің шешімі бойынша жаңа жабдықтар мен жаңа технологиялық процестер пайдалануға енгізілген кезде;

3) жұмыс берушінің шешімі бойынша жауапты адам басқа жұмысқа ауыстырылған немесе ол еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қосымша білімді талап ететін басқа лауазымға тағайындалған кезде;

4) жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның шешімі бойынша соңы адам өлімімен немесе ауыр (мүгедектікпен) аяқталған топтық жазатайым оқиғалар орын алған кезде, сондай-ақ авария, жарылыс, өрт немесе улану кезінде;

5) жұмысында бір жылдан астам уақыт үзіліс болған кезде өтеді.

33. Емтихан комиссиясының шешіміне байланысты дауларды еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган немесе сот қарайды.

34. Ұйымдарда басшы және жауапты қызметкерлердің оқудан және білімін тексеруден уақтылы өтуін бақылауды жұмыс беруші жүзеге асырады.

35. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту мен білімдерін тексеруді ұйымдастыруды еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті орган үйлестіреді.

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары

36. Нұсқамалар сипаты мен жүргізілу уақытына қарай былай бөлінеді:

- 1) кіріспе;
- 2) жұмыс орнындағы алғашқы;
- 3) қайталама;
- 4) жоспардан тыс;
- 5) мақсатты.

37. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқама қызметкерлердің біліміне, осы кәсіп немесе лауазым бойынша жұмыс өтіліне қарамастан жүргізіледі.

Еңбек қауіпсіздігі мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе және алғашқы нұсқама уақытша қызметкерлерге, іссапарға келгендерге, өндірістік оқуға немесе тәжірибеге келген оқушылар мен студенттерге жүргізіледі.

Сондай-ақ кіріспе нұсқаманы өндірістік алаңдарға барған кезде келушілерге және ұйымның қауіпті өндірістік объектісі аумағында жұмыс жүргізіп жатқан мердігерлік ұйымның қызметкерлеріне жүргізеді.

38. Ұйымдағы (кәсіпорындағы) кіріспе нұсқаманы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қызмет немесе осы міндеттер ұйымның бұйрығымен жүктелген адам жүргізеді.

Кіріспе нұсқаманы жүргізу туралы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кіріспе нұсқаманы тіркеу журналына нұсқама беруші мен нұсқама алушының қолдарын міндетті түрде қойғыза отырып, жазылады.

39. Кіріспе нұсқаманы қауіпсіздік нормаларының талаптарын, стандарттарды, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтарды, сондай-ақ өндірісте қауіпсіз жұмыс жүргізу бойынша жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі әзірлеген және жұмыс беруші бекіткен бағдарлама бойынша жүргізеді.

40. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқаманы қызметкерлердің өндірістік қызметі басталғанға дейін жауапты қызметкерлер жүргізеді.

41. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқаманы қауіпсіздік нормаларының талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтарды, сондай-ақ өндірісте қауіпсіз жұмыс жүргізу бойынша жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып, ұйымның өндірістік және құрылымдық бөлімшелерінің басшылары әзірлеген және бекіткен бағдарламалар бойынша жүргізеді.

42. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқама еңбектің қауіпсіз тәсілдерін практика жүзінде көрсете отырып, әрбір қызметкерге жеке жүргізіледі.

43. Қызметкерлер жұмысқа тағылымдамадан өткеннен кейін, теориялық білімі мен жұмыстың қауіпсіз дағдыларын меңгергендігі тексерілгеннен кейін жіберіледі.

44. Қайталама нұсқамадан қызметкерлер біліктілігі, білімі, өтілі, орындайтын жұмысының сипатына қарамастан жартыжылдықта кемінде бір рет өтеді.

45. Қайталама нұсқама біртүрлі жабдыққа қызмет көрсететін қызметкерлерге жеке немесе топта және жалпы жұмыс орны шегінде жүргізіледі.

46. Жоспардан тыс нұсқама:

1) қолданысқа еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жаңа немесе өңделген қауіпсіздік нормалары, қағидалар, нұсқаулықтар енгізілген кезде;

2) технологиялық процесс өзгерген, жабдықтар, құрылғылар мен құралдар, бастапқы шикізат, материалдар және еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін басқа да факторлар ауыстырылған немесе жаңартылған кезде;

3) қызметкерлер жарақаттануға, аварияға, жарылысқа немесе өртке, улануға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзған кезде;

4) бақылаушы қадағалау органының талабы бойынша жүргізіледі.

47. Жоспардан тыс нұсқама жеке қызметкерге немесе кәсібі бір қызметкерлер тобына жүргізіледі.

Нұсқаманың көлемі мен мазмұны оны жүргізу қажеттігін тудырған себептер мен жағдайларға байланысты әрбір нақты жағдайда айқындалады.

48. Мақсатты нұсқама мамандық бойынша міндеттермен тікелей байланысты емес біржолғы жұмыстарды (жүк арту, түсіру, аумақты жинау, ұйымнан, цехтан және учаскеден тыс біржолғы жұмыстар) орындаған кезде авариялар, стихиялық апаттар мен катастрофалардың зардаптарын жою кезінде жүргізіледі.

49. Жұмыс орнындағы алғашқы, қайталама, жоспардан тыс және мақсатты нұсқамаларды жауапты қызметкерлер (ұста, цех бастығы) жүргізеді.

50. Жұмыс орнындағы нұсқамалар, кіріспе нұсқаманы қоспағанда, ауызша сұрау немесе оқытудың техникалық құралдарының көмегімен білімдерін тексерумен, сондай-ақ жұмыстың қауіпсіз тәсілдері бойынша меңгерген дағдыларын тексерумен аяқталады.

Білімдерін нұсқаманы жүргізген жауапты қызметкер тексереді.

51. Қанағаттанғысыз білім көрсеткен қызметкерлер өздік жұмысқа жіберілмейді және нұсқаманы қайта өтеді.

52. Нұсқаманы жүргізген қызметкер жұмыс орнындағы алғашқы, қайталама, жоспардан тыс нұсқаманы жүргізу және жұмыс істеуге рұқсат беру туралы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқама беруді тіркеу журналына

(бұдан әрі – Нұсқама беруді тіркеу журналы) нұсқама беруші мен нұсқама алушының қолдарын міндетті түрде қойғыза отырып, жазады.

Жоспардан тыс нұсқаманы тіркеу кезінде оның жүргізілу себебі көрсетіледі.

Ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі нұсқаманы тіркеу журналдарын нөмірлейді, тігеді және жұмысты тікелей басқарушыларға (ұста, цех бастығы) қолын қойғызып береді.

53. Рұқсат беру наряды бойынша жұмыс жүргізетін қызметкерлерге жүргізілетін мақсатты нұсқама рұқсат беру нарядында немесе жұмыстарды жүргізуге рұқсат беретін басқа құжаттамада белгіленеді.

Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдеріне
1-қосымша

Нысан

(ұйымның, кәсіпорынның атауы)

Қызметкерлердің кәсіптеріне сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексеру жөніндегі емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы

20__ жылғы "___" _____

Мына құрамдағы комиссия:

Төраға

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Комиссия

мүшелері

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

20__ жылғы "___" _____ №__ бұйрықтың негізінде

емтихан

қабылдап,

мынаны

анықтады: _____

білімін тексеру түрі (мерзімді, қайталама)

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Ұйым атауы	Лауазымы	Білімін тексеру туралы белгі (өтті, өтпеді)	Ескертпе
1	2	3	4	5

Комиссия төрағасы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы

Комиссия мүшелері _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы

Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдеріне
2-қосымша

Нысан

Мұқабасы

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерді, қағидаларды, нормалар мен нұсқаулықтарды тексеру жөніндегі КУӘЛІК

Келесі парақтары

Азамат: _____

Лауазымы: _____

Жұмыс

орны: _____

_____ бойынша емтихан тапсырғаны туралы берілді.

Негіздеме: 20__ жылғы _____ № _____ хаттама

Емтихан комиссиясының төрағасы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы

Комиссия мүшесі _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы

м.о.

Емтихандарды қайта тапсырғаны туралы мәліметтер

Лауазымы: _____

Жұмыс

орны: _____

_____ бойынша емтихан тапсырғаны туралы берілді.

Негіздеме: 20__ жылғы _____ № _____ хаттама

Емтихан комиссиясының төрағасы _____

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы

Комиссия мүшесі _____

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы

М.О.

Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдеріне
3-қосымша

Нысан

Оқу орталығының атауы

Наименование учебного центра

С Е Р Т И Ф И К А Т

" _____ "

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

" _____ "

курсы бойынша оқу бағдарламасын _____ успешно закончил(а)

өткендігін куәландырады _____ программу обучения по курсу

Комиссия төрағасы

Оқу орталығының басшысы

Председатель комиссии

Руководитель учебного центра

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы фамилия, имя, отчество (при его наличии) подпись қала

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы фамилия, имя, отчество (при его наличии) подпись

город _____

20__ жыл _____

_____ 20__ года

Тіркеу № _____

Рег. № _____

Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдеріне
4-қосымша

Нысан

Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқама беруді тіркеу журналы

Мұқабасы

Басталуы: 20 ____ жылғы ____

Аяқталуы: 20 ____ жылғы ____

Келесі беттер

Күні	Нұсқама берілетін адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Туған жылы	Нұсқама берілетін адамның кәсібі, лауазымы	Нұсқама түрі (алғашқы, жұмыс орнындағы, қайталама, жоспардан тыс)	Жоспардан тыс нұсқаманы жүргізу себебі	Нұсқама берушінің тегі, аты-жөні, лауазымы	қолы	
							Нұсқама берушінің	Нұсқама алушының
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдеріне
5-қосымша

Нысан

Кіріспе нұсқаманы тіркеу

ЖУРНАЛЫ

(ұйым, кәсіпорын, оқу орны)

Мұқабасы

Басталуы: 20 ____ жылғы ____

Аяқталуы: 20 ____ жылғы ____

Мазмұны:

Күні	Нұсқама берілетін адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Туған жылы	Нұсқама берілетін адамның кәсібі, лауазымы	Жұмыс орны	Нұсқама берілетін адамның қолы	Нұсқаманы жүргізді	
						қолы	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
1	2	3	4	5	6	7	8